

«Қалдықыз ана»бөбекжай балабақшасы ЖШС-гі.

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№1-хаттама

Қатысқандар саны: 10

08.09.2020жыл.

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығына шолу . Тексерудің қорытындысы
- 2.Заттық дамытушы ортаны құру.Барлық топтарда (Жедел бақылау)
3. Тіл мерекесіне арналған апталықтыңіс- шаралары жөнінде, алтын күз мерекесінің бағдарламасын бекіту.

5. Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізілуі. Барлық топта. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық.

1.Тыңдалды: Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу, тексеру, қорытындысы

Сөйледі: Балабақша меңгерушісі М.Усербаева- балаларға саналы, мазмұнды тәрбие беруде баланың ішкі жан дүниесін жетілдіре түсетін ойындар, іс-әрекеттер өтуге, көретін, бақылайтын, қабілетін арттыратын материалдар болуға тиісті. Топтарды жаңа оқу жылына безендіріп, дамыту ортасын жаңалап тұрмаса өзінің сипатын, мағынасын жоғалтады.

Топтарды шолу кезіндегі нәтижеге тоқталсақ:

«Ортаңғы» топ – тәрбиешісі: С.Курбанбекова

«Денсаулық» бұрышы, ата-аналар бұрышы, кезекші бұрыш, кітап бұрышы бар.

Ұсыныс: Табиғат бұрышын толықтыру қажет, бөлме гүлдерін көбейту, қуыршақ театры, үстел үсті ойындарының құралдарын, таным саласының үлестірмелі материалдарын бала санына лайықтап толықтыру, балалардың жұмысын ілетін бұрыш, альбомдар, саусақ театрларын толықтыру қажет.

кіші топ тәрбиешісі А.Құлмұратова

Табиғат бұрышы , денсаулық, еңбек, кезекші бұрышы бар.

Ұсыныстар: қуыршақ театры, үстел үсті ойындары, таным саласынан үлестірмелі матреаилдар, сенсорика құралдарын көбейту, толықтыру, альбомдар мен түрлі-түсті суретті кітаптар жинақтау.

Ұсыныстар: Альбомдар, кітаптар, сенсорика материалдары, танымнан үлестірмелі материалдармен, ойыншықтармен толықтырулар қажет. Жасалған ұсыныстарды тапсырма деп қабылдап, жауапкершілікпен қарап, толықтыру жұмыстарын тез арада жүргізейік.

2.Тыңдалды: балабақша әдіскері Г.Муртазаева сөз алды

Заттық –дамытушы орта-бұл баланың іс-әрекетінің материалдық жүйесі,олардың рухани және физикалық дамуының функционалдық мазмұны.

Заттық-дамытушы ортаны құру компоненттерінің қажеттігі, басқа да білім беру ұйымдарынан өзгешілігі,мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үрдістердің ерекшелігі. Мектепке дейінгі педагогика-бұл МДҰ педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың теориясы мен жеке бағыттары.педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда міндетті түрде аталған мәселеге,яғни көрсетілген талаптары мен айқындалған зоналарға жеткілікті көңіл бөлу.стандарт талаптарына сай негізгі білім беру бағдарламалары мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру салаларында(«Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік») тәрбиеленушілеріне жекебас ерекшеліктері мен жас ерекшелік мүмкіндіктеріне сәйкестігі.

Білім беру бағдарламаларын шешу міндеттері бала мен ересектердің бірлескен іс-әрекеттерін ғана қарастыруға болмайды,балалардың шығармашылық іс-әрекеттерін,сонымен қатар,күн тәртібін жүргізу барысында қарастырған жөн.

Мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы ортаны ұйымдастыру стандарт құрылымына қарай,әр баланың жеке дара дамуына, олардың бейімділігі,қызығушылығы,белсенділік деңгейлерінің тиімділігі қажет.Бұл үшін заттық ортаның элементтерін сондай-ақ,балаға эмоционалдық,қозғалыс іс-әрекеті,танып білуге қатысты жағдай жасауды байыту қажет.

3.Тыңдалды:

Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде.

Муртазаева өз сөзінде Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11-ші шілдедегі Тіл туралы Заңында Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндері белгіленген. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамыту және халықаралық беделін көтеру, іс-қағаздарын жүргізу қазақ тілінде –мемлекеттік тілде жүргізу қажеттігі көрсетілген. Тіліміздің мәртебесін көтеру, терең меңгеру, таза сөйлеу, ұрпақтан-ұрпаққа таза жеткізу міндетіміз. Қазақстан елі 22 қыркүйек тіл мерекесін атап өтеді. Осыған орай 20-24 қыркүйек аралығында тіл апталығын атап өту жоспары бар, өз ойларыңыз, жоспарларыңыз туралы айтуларыңызды, пікір алмасуларыңызға шақырамын.

Сөйлегендер: тәрбиеш А.Агайдарова мен өз тобымда балалармен бұл мерекені сайыс ретінде екі топқа бөліп, «Алтын сақа» ойыны деп, ұлттық-танымдық ойын ретінде жіберуді жоспарладым деді.

Тәрбиеші С.Курбанбекова мен өз тобымда өз тілімізде барлық бала бір-бірімен ой бөлісуге, ана тіліміздің қасиетін, қадірін біліп, құрметтеуге тәрбиелеуде ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жоспарлап, оған тіл туралы тақпақ, нақыл сөздер, аңыз әңгімеден көрініс қоямыз деді.

Балабақша меңгерушісі тіл апталығының жоспарланып 20-24қыркүйек күндері өткізілуін тапсырды

4. Жалпы ата-аналар жиналысына, топтардың ата-аналар жиналыстарына дайындық жөнінде балабақша меңгерушісі М.Усербаева өз сөзінде: балабақша бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Мұнда ол білім алады., өзге балалармен, ересектермен бірлесіп, әрекеттену. Өз әрекетін ұйымдастыру іскерлігін меңгереді. Алайда баланың бұл дағдыларды қаншалықты нәтижелі меңгеруі отбасының балабақшаға қарым-қатынасына байланысты. Ата-ананың білім беру үдерісіне белсенді араласуы арқылы ғана баланың үйлесімді дамуы іске асады. Сол үшін балабақшаға ата-аналарды тартудың жолдарын түрлендіруіміз қажет. Ата-аналар жиналысынан өзге де насихат жұмыстарын ұйымдастыруды ұсынамын.

- Тренингтер, пікірталасу, ата-аналар рингі, мамандар кеңесін ұсыну, дөңгелек үстел, семинарлар, ата-аналардың педагогикалық біліктілігінің деңгейін көтеруге әсер етеді.

Отбасы мен балабақшаның арасында ынтымақтастық педагогикасы орнайды және бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде ата-аналардың өз баласының тәрбиесіне деген педагогикалық ұстанымы қалыптасады.

Ата-аналар балалар қоғамына араласудың нәтижесін қайдан көреді, топтағы өткен іс-шаралар, оқу-тәрбие ісіне еніп, өз баласының жетістіктерін өзге балалармен айырмашылығын көріп, тәрбиеші қалап тұрғаны үшін емес, өз баласының дамуы үшін маңызды екенін түсінеді деді.

Топтарда жеке өткізілетін ата-аналар жиналысына да үлкен дайындықтарыңыз қажет. Ата-аналардың алдында ынғайсыз жағдайда қалмауыңыз үшін кез-келген жағдайға, сұраққа дайын болларыңыз, дұрыс жауап беріп, сауатты түрде сөйлеп, білімділігіңіз бен белсенділігіңізді көрсете білуді тапсырамын. Ата-аналармен қарым-қатынастарыңыз ынтым

Шешім:

1. Шолу тексеру қорытындысындағы ұсыныстар толықтырылсын. Жауапты: тәрбиешілер
2. Балабақшаға ата-аналарды тарту жұмыстары түрлендірілсін. Жауапты: тәрбиешілер.
3. Қыркүйек айының 21-25 аралығында тіл апталығы өткізілсін. Жауапты: тәрбиешілер
4. Қазан айының 23не «Алтын күз» мерекесі бекітілген бағдарлама бойынша өткізілсін. Жауапты сазгер, тәрбиешілер

Кеңес төрайымы

Хатшы:



М.Усербаева

А.Ағайдарова

«Қалдықыз ана» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңес № 2-хаттама

Қатысқандар саны:8

12.11.2020 ж.

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. «Тіл апталығын», «Алтын күз» мерекесін талқылау.
3. «Таным білім беру саласының жұмыстарының жүргізілу жағдайын бақылау» (салыстырмалы тексерудің қорытындысы).
4. «Тәуелсіз елім-Қазақстан» ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің және Жаңа жыл ертеңгілігі бағдарламасымен танысу, бекіту.

1.Тыңдалды:

Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: М.Усербаева балабақша меңгерушісі балабақшада ең бірінші балаларға қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасалған.Ережелер сақталып оны қадағалаудамыз. Балаларда қауіпсіздік мінез –құлық дағдыларын қалыптастыруда күнделікті, ойындарда, серуенде, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде сақталып, ұйымдастырылуда. Ортаңғы топта қауіпті жағдайлар туындағанда телефон соғуға қажетті алғашқы көмек нөмірлерін де балалар сандарды таңбаларын ажыратыптере біледі. Ата-аналармен ережелер туралы әңгімелер өткізіп, қауіпсіздік жөнінде жылжымалы папкалар жасалды. Тәрбиешілер оқу-тәрбие үдерісі кезінде өз міндеттерін жауапкершілікпен атқаруда. Балабақшаға қабылдау кезінде ата-аналардан тиісті құжаттар талап етіліп, анықтамалар алынуда, мемлекеттік қызмет алушы толық құжаттарын тапсырды.

2.Тыңдалды: «Алтын күз» ,мерекесін, тіл апталығын талқылау. «Алтын сақа» сайысы Тәрбиеші А.Агайдарова

Сөйледі: С.Курбанбекова топ тәрбиешісі Балалар Қыран және Тұлпар тобына бөлініп сайысты. Ұпай саны асықпен белгіленіп отырды. Алынған сұрақтар батырлар, хандардың аты, президенттің толық аты-жөні, логикалық есептер болды. Балалар алғырлық көрсетті. Жалпы білімдері де көрініп тұр. Мен сайыс ретінде өтуді өз іс тәжірибеме ендіремін.

Сөйледі: С.Нуримова— кіші топ тәрбиешісі маған ойын кезіндегі тәрбиешілердің балаларды шабыттандырып, қызықтыру үшін шабытты сөздер айтып, ұйымдастыруы ұнады. Балаларда сол кезде бір жігер пайда болғандай болды және ойын ережесін бұзған жағдайда бір асық шегеріліп отырды. Ол да балаларды ойын ережесін сақтап, бағынуға тәрбиелейді, үлкен топ балалары оған да көніп, түсінгендеріне риза болдым.

Сөйледі: Ұ.Оспанова ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне тәрбиеші жан-жақты дайындалған. Дамытушы орта талапқа сай. Балалардың тілін дамытуда дыбыстарды, сөздерді, дұрыс айту, толық сөйлеммен сөйлеу, ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын сөз мағынасына сәйкес көркейтуге әрекеттенді, өлең-тақпақтарды жатқа айтып берді. Менің тәрбиешіге айтар ұсынысым ой қозғаушы іс-әрекет ретінде әр тілде сөйлеген, билеген, ән айтқан ұлттық костюмдерде бейнетаспа көрсету қажет еді. Тілдердің арасындағы айырмашылық пен ұлттар арасындағы ерекшеліктерді ажыарту үшін.

«Алтын күз» мерекесін талқылау.

Сөйледі: тәрбиеші А.Сейдазимова -Мереке қызықты өтті. Біздің кіші топ балалары өздеріне зор әсер, қуаныш алды. Жыл мезгіліне байланысты билер, қойылымдар, сахналау, әндер, қолшатырмен қыздар биі әдемі шықты. Жан-жақ сап-сары алтындай, деген теңеу сөздер айтылып, көңілді өтті.

Меңгеруші Г.Есалиева -Ортаңғы топ балалары «Нан қайдан келеді?» тақырыбындағы көріністерінде балардың костюмдері, көрнекі құралдары әдемі шықты, тек балалар өздеріне сенімсіздеу көрінді. Сөздерін жақсы жаттамаған ба, рөлдеріне жақсы ене алмады. Балаларды шығармашылыққа тәрбиелеуде өз сөздерін қосып импровизациялауға үйрету қажет деп ұсынар едім.

П.Ибрагимова зал күз мезгілінің көрінісін берердей безендіріліп, көкөністер көрмесі жақсы әсер берді балаларға. Жемістер толы себетпен Күз ханшайымының келуі балаларға көп қуаныш сыйлады. Күз мезгілінің берекелі берекелі, молшылық екенін, табиғаттың құбылыстарын байқап, аңғарды.

3.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Есалиева сөз алды. «Таным білім беру саласының жұмыстарының жүргізілу жағдайын бақылау» (салыстырмалы тексерудің қорытындысы).бойынша тоқталып өтті.

Барлық топтарда «таным» білім саласы бойынша көрнекіліктер мен Дидактикалық ойындар, үлестірмелі материалдар жинақталған,

Балаларға Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыруда ересек «Айгөлек «тобының тәрбиешісі П. Ибрагимова өз тобында жақсы жұмыс

жүргізген.кіші топта өткен «Математикалық ұғымдар.Заттардың санын,ретін ,көлемін пішінін ажырата білуге үйрету жолдарын жоспарлау тақырыпты тексеру қорытындысымен таныстырып өтті «қарапайым математикалық ұғымдарды қалаыптастыру» базистік оқу жоспарына сәйкес аптасына 1 рет жоспарланған. Балаларды қарапайым математикалық қатынаспен таныстыру үшін көрнекіліктер,үлестірмелі материалдар жасалған.

Сан мен : 5-ке дейін санап,есептеуге арналған материалдар ,логикалық математикалық ойлауын дамытуға кеңістік,пішін,көлем,уақыт туралы негізгі математикалық қабілеттерін дамытуға арналған геометриялық денелерді (куб,целиндр,шар) ұстап көруге,сезінуге арналған өлшем бірлігін ажыратуға (ұзындық,елі,биік,аласа,жуан,жіңішке) беттестіру,салыстыруға арналған жолақшалар,ленталар,шаршылар,жуандықтары әр түрлі жалаушалар,екі бөлімнен тұратын карточкалар бар.

3.Тыңдалды:

Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелерінің бағдарламаларын бекіту.

Сөйледі:Ұ.Оспанова Еліміздің Тәуелсіздігін атап өту, біз үшін үлкен мақтаныш, жауапкершілік. Ата-балабарымыз қолдың күші, найзаның ұшымен өз елін қорғап келді. Ұлтымыздың салт-дәстүрін сақтап, әдет-ғұрпы мен тілін, дініні, орасан зор байлықтарын бізге мұра етіп, қалдырды. Келесі ұрпаққа жеткізу біздің перзенттік борышымыз. Балаларды отанымызды сүйіп, қорғауға, аялауға тәрбиелеудеміз. Бұл мереке де Отан, туған жер, тіліміз туралы, рәміздер мен салтымыз туралы ән-билер, өлеңдер, балалардыбатылдыққа, ынтымаққа, жігерлі де өнерлі болуға тәрбиелейтін іс шара болуын ұйымдастыруымыз қажет. Мерекеге қандай дайындықтар бар?

Сөйледі: Джусипова.Г–тәрбиеші Ата балабаларымыз ұлдарымыз құл болмасын , қыздарымыз күң болмасын деп өз ұрпағын , жерін қорғап, бізге үлкен мұра қалдырған, біздің жеріміз өте үлкен, әрі бай, қазба байлықтары, таулары, көлдері, аралдары бар, бізде соны қорғайық, қамқор болайық, үлкен азамат болып өсіп, ұлтымыздың көк туын желбіретіп, атақты спортшы, әйгілі дәрігер, білімді ұстаз, білікті маман болайық деп әңгімелер өткізіп, түсіндіріп, балалардың бойында патриоттық сезім ұялату, тәрбиелеу мақсаттарымен іс-шараға отан туралы ән, өлеңдер қосып, батылдыққа тәрбиелеуде ойындар қостық.

Сейділдаева – сазгер мерекелік залдың мазмұнды безендірілуі балаға зор әсер етеді. Балаларға да түсіндіріп өтеміз, неге гүлдермен, ойыншықтармен емес рәміздер суреті, жалаулар ілінгенін. Отан туралы әндермен ашылады,

соңында да жақсы әсерлі әнмен, жалаушалармен жаттығулар жасап аяқтаймыз.

Сөйледі: П.Ибрагимова тәрбиеші жаңа жыл мерекесіне дайындық үстіндеміз. «Келді, міне жаңа жыл» әнімен ашылып, шыршаға, аяз атаға, Қаршақызға, қыс туралы тақпақ-әндер, ойындар жоспарланды. Тосын сәтке ормандағы аңдар келіп, «Кім жылдам» ойынын қостық. Аңдарды балабақша қызметкерлері ойнайды.әр аңға арналған тақпақ, әңгімелері бар. Костюмдер дайын. Ән-билерге арналған музыкаларды ыңғайлап, костюм ауыстырып үлгеруін есепке де алдық. Сыйлықтарымызды да жоспарлап қойдық.

Сөйледі: А.Айтбаева жаңа жыл мерекесінің мәселелері жөнінде ата-аналармен жиналыс, әңгіме өткіздім. Сыйлықтар мен тәттілер алғанда қауіпсіз, зиянсыз болуын қадағалап отыруын есте сақтауларына кеңес беріп, мереке кезінде қауіпті отшашулар, жарылғыш заттардан аулақ болуына тиым салынатынын айтып өттім. Мерекеге балаларды алдын-ала дайындаудамын, қорқып немесе танданып тұрмау үшін ата-аналар шырша мерекесіне балалармен шыршаны айнала жүріп, бізге мерекелеп, мерекені қызықты өтуге атсалысуына шақырдық

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалсын.Жауапты :әдіскер
2. Балалардың тіл байлығын дамыту жұмыстары, оқу-тәрбие жұмысында жалғастырылсын. Жауапты :әдіскер ,тәрбиешілер
3. Тәуелсіздік күні, жаңа жылдық шырша мерекесі бағдарлама бойынша атап өтілсін.Жауапты :әдіскер

Кеңес төрайымы

Хатшы:



М.Усербаева

А.Ағайдарова

«Қалдықыз ана» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңес № 3-хаттамасы

Қатысқандар саны:7

17.12.2021ж

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. «Тәуелсіздік» күні, «Жаңа жыл» мерекесін талқылау.
3. Жарты жылдық мониторинг қорытынды (Аралық мониторинг)
4. «Шығармашылық» білім беру саласының жүргізілуі.

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: М.Усербаева– меңгеруші ана тілін және мемлекеттік тілді меңгерген, құрдастарымен және ересектермен еркін қатынас жасай алатын тұлға қалыптастыру. Жас ерекшелігіне қарай балалармен ойын түрінде балаларды дыбыстарды дұрыс атауға, мәнерлеп әңгімелеуге, сөздік қорын байытуға мамандықтар, заттардың бөліктерін білдіретін зат есімдер, еңбек әрекетін білдіретін етістіктер арқылы үйретсек, қоршаған ортамен таныстыру және қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру сабақтарында заттардың қасиеттерін, сапасын ажыратуда, тұрмыстық заттардың атауын атауда, заттарды жинақтап айтуда, ыдыстар, жемістер, көкөністер сөздерін сөздік қорыма енгізуде түрлі суреттер мен альбомадар жинағын пайдаланудамыз, ойыншық жайлы және сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрастыруда байланыстырып сөйлеуге үйренсе, ертегілерді драмалауда балалардың сөздегі ырғақ мәнерінің тәсілдеріне үйренеді.

Балалар әңгіме құрастыруда, драмалағанда импровизация жасауды да қоса меңгеруде.

2.Тыңдалды: Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелерінің өтілуін талқылау.

Сөйледі: А.Агайдарова– тәрбиеші Тәуелсіздік мерекесі балаларға үлкен зор әсер қалдырды. Еліміздің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны жөнінде әңгімелер мен әндер орындалды.Отан туралы қызықты, әсем қала Астана туралы тақпақтар жаттап, балалардың туған ел туралы түсініктері кеңейіп, тіл байлығы артты.

Осындай мерекелерді балалар әр ұлттың өз мәдениеті, тарихы, тұрмысы мен ерекшеліктерін ажырата біледі. Тарихи және мәдени құндылықтарын, бірлігін түсінеді. Басты байлық – тыныштық, бейбітшілік екенін түсінеді. Ол байлықты сақтау үшін үлкен күш жұмсалатынын түсінеді, Отанын сүйіп, құрметтейтін болады.

Сөйледі: меңгеруші -жаңа жылдық шырша мерекесінен балалар көп сыйлық қуаныш күтеді, ата-аналар да оған дағдыланып қалды. Әр мереке өзінше қызық өтеді. Биылғы жылқы жылының кереметтері, қызықтары да аз болған жоқ. Қаршақызбен кішкентай бүлдіршіндеріміз гномдар, ақшақарлар биін билеп сүйсіндірді деп өз сөзін аяқтады.

Сөйледі: Р.Бижигитова – тәрбиеші біздің топтың балалары өте кішкентай болса да барлығы маскарадның киімде болды. Балаларымыз қатты қуанды. Тәтті тілдерімен жаттаған тақпақтарын айтып, ата-аналарын қуантты. Балалар өздерін жақсы ұстады. Ұжым болып, хор, биде татулық таныта білді. Музыка әуеніне ілесе отырып ән айтып, Аяз атамен ойындар ойнадық. Ата-аналар ризашылығын білдіріп жатты. Сыйлықтарға балалар қатты қуанды. Жаңа жылдық шыршаға, залдың безендірілуі бәрі бүлдіршіндерге қуаныш пен шаттық әкелді деп ойлаймын.

3.Тыңдалды:

Балабақша әдіскері М.Усербаева аралық мониторингінің қорытындысы жайлы айтты: Бастапқыда тәрбиеленушілеріміз жас ерекшеліктеріне сай әдеттер мен дағдылары қалыптасып, қимыл іс-әрекеті, дене бітімі, батылдығы, білімі, танымы да дамыған, Бағалану деңгейі де төмендеу, жыл аяғына дейін көтеріледі деген сенімдеміз деді.

Төртінші мәселе бойынша: Меңгеруші М.Усербаева сөз алды. Тексеру қортындыларына тоқталып өз ұсыныстарын айтты. Тәрбиешілерге ескерту жасады.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Балалардың жан-жақты даму деңгейін көтеруде, оқу-тәрбие үдерісі жүйелі жүргізілсін.
3. Үлгілі оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша аралық мониторингінің нәтижелері қанағаттанарлық.
4. Тақырыпты тексеру ұсыныстары жоспарға енгізіліп, жыл мезгілдеріне сай жүргізілсін.

Кеңес төрайымы

Хатшы:



М.Усербаева

А.Ағайдарова

«Қалдықыз ана»бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңестің№4-хаттама

Қатысқандар саны:10

25.02.21ж

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. 8 наурыз, Наурыз мерекелеріңіз сценарилерін бекіту.
3. «Әлеумет » білім саласы бойынша жүргізілген жұмыстарды тексерудің қорытындысы.
4. 7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастыру.

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: М.Усербаева–өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде тоқталып өтті.Балалардың жан-жақты даму деңгейін көтеруде, оқу-тәрбие үдерісін жүйелі жүргізілуін үздіксіз қадағалап отырмын ,барлық тәрбиешілер Бекітілген оқу іс-әрект кестесімен талапқа сай ұйымдастыруға міндетті. Күн сайын балалардың дене қызуы өлшеніп ауру белгілерін анықтап отырмыз.Ата-аналар дымқыл майлықтар мен бет перделермен қамтамасыз етті.

2.Тыңдалды: Сегізінші наурыз, наурыз мерекелерінің бағдарламаларын бекіту.

Сөйледі: Ортаңғы топ тәрбиешісі С.Курбанбекова- менің тобымда қыздардың қатысуымен түрлі көктемдік көңіл –күй сыйлайтын мерекелік номерлер бар. Атап айтсам:

1. «Түйме дақ гүлі» биі.
2. «Асыл анам» әні
3. Ойындар ата-анамен бала арасында
4. Сән үлгісі, т.б номерлер дайындап отырымын деп өз сөзін аяқтады.

Сөйледі: әдіскер Г.Муртазаева бағдарлама осы қалпында қалдыруға келісемін. Тек ата-аналармен ұйымдасқан түрде жұмыс жүргізу қажет. Кеңестер беріп, ән таңдауда, ертегіні айтқанда жандандыру үшін, әнді сазгермен біріге отырып сүйемелдеуімен көмек етуіміз қажет.

Сөйледі: Тәрбиеші С.Нуримова «Аналар мерекесі» атты бағдарламасымен таныстырды.

- Ән «құттыттаймын мама, туған күніңмен» Гүлдер, аналар туралы тақпақтар

- Көктем аруы қонаққа келіп қыздармен «бақ-бақ» гүлімен би билейді
- Көктем жыл мезгілдері туралы сұрақ-жауап, ойын ұйымдастырады.
- Саңырауқұлақтар биі
- Ата-аналармен ойын

Бағдарламалар талқыланып, бекітілді. Сазгер, тәрбиешілерге жауапкершілікпен қарап, балалар түгел қамтылып, қатыстырылуын, ата-аналармен байланысып, жағдай жасалып, безендірулер жөнінде айтылды. Жыл басы Наурыз мерекесі жөнінде де айтылып, дайындықтар жасалды. Күн жылынған соң таза ауада аулада наурыз тойын тойлау, ұлттық би, ән, ойындар, салт-дәстүрден тұсау кесер көрсетсек деп жоспарланды. Ауланы кілем төсеп, ұлттық оюлы көрпешелер, төсеніштер төсеп күрес, арқан тарту, көрмелер мен наурыз көже пісіру ұйымдастырылатын болды

3. үшінші мәселе бойынша: Меңгеруші М.Усербаева сөз алды.Тексеру қортындыларына тоқталып өз ұсыныстарын айтты.Тәрбиешілерге ескерту жасады.

4. 7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастыру бойынша топ тәрбиешілері өз пікірлерін талқыға салды. Іс шара жоспары түзіліп бекітілді. Жауапты балабақша медбикесі мен музыка жетекшісі.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. 8 наурыз, Наурыз мерекелеріне арналған мерекелік іс-шаралар жоспар бойынша жауапкершілікпен өткізілсін.
3. Тексеру қорытындысындағы ұсыныстарды, тапсырмаларды жоспарлап, жұмысты нығайту, толықтыру.

Кеңес төрайымы

Хатшы:



М.Усербаева

А.Ағайдарова

«Қалдықыз ана» бөбекжай балабақшасы ЖШС-гі.

Меңгеруші жанындағы кеңес

№ 5-хаттама

24.05.2021ж

Күн тәтібінде:

1. Мерекелерді талқылау.
2. Оқу жылындағы тәлімгер мен жас маман жұмысының қорытындысын талдау.
3. Қорытынды мониторинг нәтижесі.
4. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту.

1.Тыңдалды: Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелерін талқылау

Сөйледі:Г.Муртазаева– әдіскер ортаңғы топ тәрбиешісі С.Курбанбекова. ұйымдастырған 8 наурыз «Аналар мерекесі» қыз балалар мерекесі өте қызықты, өтті. Сайыстың барлық түріне ата-аналарда қызу жауапкершілікпен қатысқаны көрінді. Оған біз өте қуандық. Себебі ұрпақ тәрбиелеуде еліміздің жас аналарының рөлі өте зор. Қыздардың бойындағы жақсы қасиеттер біліммен, шығармашылықпен үйлесім тапқандай болды. Ата-аналармен ынтымақты балаларымыздың жан-жақты дамуына әсер еттік деп ойлаймын. Ата-аналар да дән риза. Келешекте де тартымды, тәрбиелік мәні бар кештер, іс-шаралар ұйымдастыруды жалғастырамыз деп ойлаймын.

Сөйледі: Тәрбиеші С.Нуримова-Маған тәрбиеші С.Курбанбекова өткен ертеңгілігі өте қызықты өтті.Тәрбиелік мәні бар,тартымды өтті деп ойлаймын.Ата- анамен баланың ортасындағы махаббат пен ынтымақ,алға ұмтылу,жетістікке деген ұмтылысқа риза болдым.Көпке дейін есте қалары сөзсіз,аналарға үлкен сыйлық болды.Балаларының жетістіктері әр анаға қуаныш әкелері сөзсіз.Басқа топтар да ертеңгіліктерін жақсы өтті. Р.Бижигитова топ балаларының сүйкімді әндері де,аналарға арналған өлең жолдары да тартымды,әдемі.

Жыл басы Наурыз мерекесі жөнінде балабақша тәрбиешісі А.Ағайдарова сөз алды. Наурыз мерекесі ең үлкен-ұлттық мереке.Ұлтымыздың әдет-ғұрпын,салт-дәстүрін,тілін анық жеткізу,келешек ұрпаққа өнеге етіп қалдыру міндетіміз.Балаларға кішкентай кезінен санасына құйып ,салтымызды осындай мерекелер арқылы сіңіреміз.Бәрі қуанышты,көңілді,өздеріне көп нәрсе алды деп ойлаймын.Ұлттық нақыштағы безендірулер де келешекте одан да,толықтырылып жалғасын тапса деген тілек айтамын.Рахмет айтамын.

2.Жас мамандармен ұйымдастырылған жұмыстар:

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,ол жас ұрпақ тағдыры мұғалімдердің қолында»Жас мамандар тәлімгер жетекшілермен жылдық жоспар бойынша жұмыс жасады.

3.Балалардың білім бақылау нәтижесі бойынша балабақша әдіскері

Г.Муртазаева сөз алды. Барлық топтарда мамыр айының 1 -20аралығында қотынды біліктері мен дағдыларын бақылау дағдыларын мониторингі өтті. Мониторниг нәтижесі қанағаттанарлық.

4. Жаз маусымында балалардың бос уақытын ұйымдастырудың негізгі мақсаты:

Балалардың жазғы демалысын әсерлі өткізуіне мейлінше қолайлы жағдай жасау;

Танымдық, жан-жақты қызығушылығы мен қабілетін дамытуға ықпал ету.

Негізгі міндеттері:

Бала денсаулығын нығайтуда жаз маусымындағы ауа райының тамаша мүмкіндіктерін пайдалану/күн,ауа.су,құм,т.б./;

Шынықтыру шаралары арқылы қимыл әрекетін таза ауада өткізу;

Спорттық ептілік пен дағдысын одан әрі дамыту,қимыл белсенділіктерін арттыру;

Жағымды көңіл-күй мен қолайлы орта туғыза отырып, тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру.

жазғы маусымға арналған іс шаралар кестесі бекітіліп тәрбиешілерге берілді

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. 8 наурыз, Наурыз мерекелеріне арналған мерекелік іс-шаралар жоспар бойынша қанағаттанарлық
- .
3. Қортынды мониторинг нәтижесі қанағаттанарлық.
4. Жазғы маусымға арналған іс-шаралар бекітілсін.

Кеңес төрайымы

Хатшы:



М.Усербаева

А.Ағайдарова

«Қалдықыз ана» бөбекжай балабақшасы ЖШС-гі

Меңгеруші жанындағы кеңес

№6-хаттама

04.08.2021ж.

Күн тәртібінде.

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Жаңа оқу жылына №1 педагогикалық кеңеске дайындық.
3. Жөндеу жұмыстарын талқылау.

1.Тыңдалды. балабақша меңгерушісі М.Усербаева сөз алды.

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті.

Балалардың оқу мен тәрбие іс-әрекетін ұйымдастыруда жүргізілген жұмыстар балабақшаның жазғы жұмыс кестесіне сай жүргізілді. Балалармен Мақсатты серуендер көңілді эстафеталық ойындар мереклік іс шаралар өз деңгейінле ұйымдастырылған

2. Жаңа оқу жылына өткізілетін №1 педагогикалық кеңесте барлық педагог мамандарының жоспарлары мен балабақша күн тәртібі бекітіледі. Сонымен қатар жас ерекшеліктеріне сай балаларды топтастырылуы қажет.

Жалпы ата аналар жиналысына дайындық жүргізуді әдіскер Г.Муртазаева жүктеймін.

3. Биылғы жаңа оқу жылына дайындық жақсы жүргізіліп жатыр. барлық топтар оқу құралдарымен толықтырылды. Жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы орталар топтастырылды сонмен қатар ыдыс аяқтар қатары да жаңартылды. Ойын алаңдағы ойын жабдықтарына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, сырланды.

Шешім:

1. Жаңа оқу жылына №1 педагогикалық кеңеске дайындық жүргізілсін
2. Жөндеу жұмыстарының жүргізілуін қадағалансын. Жауапты: Ж.Торыбаев.

Кеңес төрайымы

Хатшы:



М.Усербаева

А.Ағайдарова